

"Білім мекемелерінде оқытындарға республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатынан төленген мемлекеттік стипендиялардың сомасы туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 09 қазандағы № 415 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 20 қарашада № 8915 тіркелді

«Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған «Білім мекемелерінде оқытындарға республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатынан төленген мемлекеттік стипендиялардың сомасы туралы мәліметтер» әкімшілік деректерін жинауға арналған нысан бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері Білім басқармаларының басқарушылары, жоғары оқу орындарының ректорлары жыл сайын 20 ақпанға дейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қаржы және инвестициялық жобалар департаментіне осы бұйрықпен бекітілген нысан бойынша «Білім мекемелерінде оқытындарға республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатынан төленген мемлекеттік стипендиялардың сомасы туралы мәліметтер» әкімшілік деректерін беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қаржы және инвестициялық жобалар департаменті (Т.А. Нұрғожаева):

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты ресми жариялауды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) жыл сайын 28 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының Статистика агенттігіне осы бұйрықпен бекітілген нысан бойынша «Білім мекемелерінде оқытындарға республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатынан төленген мемлекеттік стипендиялардың сомасы туралы мәліметтер» әкімшілік деректерін беруді қамтамасыз е т с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі М.А. Әбеневке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Сәрінжіпов

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігінің

т ө р а ғ а с ы

Ә. А. Смайылов

2013 жылғы 09 қазан

**Әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды
толтыру бойынша түсіндірме Білім беру ұйымдарында оқитындарға
республикалық және
жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен төленген мемлекеттік
стипендиялардың сомасы туралы мәліметтер**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Түсіндірме білім беру ұйымдарында оқитындарға республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен төленген мемлекеттік стипендиялардың сомасы туралы нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды және ұсынымдық сипатқа ие.

2. Нысанды Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктерінің білім басқармалары толтырады және жыл сайын 20 ақпанға дейін ұсынады.

3. Нысанға жоғары оқу орындарының ректорлары, атқарушы органдардың басшылары, олар жоқ болған жағдайда, оның міндетін атқарушы тұлға қол қояды.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. «Республикалық бюджеттен (мақсатты трансферттер есебімен)» бағанында білім беру ұйымдарында оқитындарға ағымдағы нысаналы трансферттерді қоса алғандағы республикалық бюджет есебінен төленген стипендия сомасы көрсетіледі.

5. «Жергілікті бюджеттен (мақсатты трансферттер есебінсіз)» бағанында білім беру ұйымдарында оқитындарға ағымдағы нысаналы трансферттер есебінсіз жергілікті бюджет есебінен төленген стипендия сомасы көрсетіледі.

6. «Барлығы Қазақстан Республикасы бойынша» деген жолда жалпы республика бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің жиынтық сомасы көрсетіледі.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м

ж ә н е

ғ ы л ы м

м и н и с т р і н і ң

2013 жылғы 9 қазандағы № 415
 бұйрығына қосымша
 приложение к приказу
 Министра образования и науки
 Республики Казахстан
 от 9 ноября 2013 года № 415

**Білім мекемелерінде оқитындарға республикалық және жергілікті
 бюджеттердің қаражаты есебінен төленген мемлекеттік
 стипендиялардың сомасы туралы мәліметтер**

**Сведения о суммах государственных стипендий, выплаченных
 обучающимся в организациях образования, за счет средств
 республиканского и местных бюджетов**

Есепті кезең 20 ____ ж.

Отчетный период 20 ____ г.

Индексі: ТС1

Индекс: ВС1

Кезеңділігі: Жылдық

Периодичность: Годовая

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары, Астана және Алматы қалаларының
 , облыстар әкімдіктерінің Білім басқармалары тапсырады.

Представляют: Высшие учебные заведения Республики Казахстан, Управления
 образования акиматов областей, городов Астаны и Алматы.

Тапсыру мерзімі 20 ақпанға дейін

Срок представления – до 20 февраля

	соның ішінде қаражаттан төленгендер, мың теңге: в том числе выплаченных за счет средств, тыс.тенге:	
Облыс атауы Наименование области	Республикалық бюджеттен (мақсатты трансферттер есебімен) Республиканского бюджета (с учетом целевых трансфертов)	Жергілікті бюджеттен (мақсатты трансферттер есебінен) Местного бюджета (без учета целевых трансфертов)
Ақмола Акмолинская		
Ақтөбе Актюбинская		
Алматы Алматинская		

А т ы р а у Атырауская		
Б а т ы с Қ а з а қ с т а н Западно-Казахстанская		
Ж а м б ы л Жамбылская		
Қ а р а ғ а н д ы Карагандинская		
Қ о с т а н а й Костанайская		
Қ ы з ы л о р д а Кызылординская		
М а ң ғ ы с т а у Мангистауская		
О ң т ү с т і к Қ а з а қ с т а н Южно-Казахстанская		
П а в л о д а р Павлодарская		
С о л т ү с т і к Қ а з а қ с т а н Северо-Казахстанская		
Ш ы ғ ы с Қ а з а қ с т а н Восточно-Казахстанская		
А с т а н а қ а л а с ы Астана		
А л м а т ы қ а л а с ы Алматы		
Барлығы Қазақстан Республикасы б о й ы н ш а : Всего по Республике Казахстан:		

А т а у ы : _____ М е к е н - ж а й ы

Наименование: _____ Адрес _____

_____ Тел _____

Электрондық почта мекенжайы

Адрес электронной почты _____

О р ы н д а у ш ы н ы ң т е г і ж әне т е л е ф о н ы

Фамилия и телефон исполнителя тел. _____

Б а с ш ы (Т . А . Ә . қ о л ы)

Руководитель _____ (Ф.И.О. подпись) _____

М . О .

М.П.